

Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 64 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 сәуірде № 4196 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Н.Т. Тәжібаев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.А. Қашақовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С. Трумов

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2020 жылғы 16 сәуірі

№ 64 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 29 "Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының 2 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2618 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 54 "Маңғыстау облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының 2 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2624 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 66 "Маңғыстау облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының 2 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2642 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 112 "Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік мекемесі мен " Маңғыстау облысының мұрағаттар мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" қаулысының 2 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2719 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 мамырда " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 166 "Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы" қаулысының 2 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2753 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).